

«Жазаларды орындау – Исполнение наказаний» 08 (153) 2015ж.

Талапкерлерге – жоғары талап

Алаштың аяулы азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі істер генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың есімі берілген Қостанай академиясында білім шыңын одан әрі жалғастыру үшін республикамыздың түкпір – түкпірінен оқуға түсу үшін келген талапкерлер саны былтырғы жылдарға қарағанда көп.



Бүгінде олар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығымен әзірленген технологиялар бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуді жемісті тапсырып, болашақта құқық қорғау органдарының қызметкері болуды армандап, қоғамдық ортадағы тәртіпті қорғауға бел буып келіп отыр.

Талапкерлердің жүздерінде қуаныш, оқуға түсу талпыныстары көрінсе, ал ата-аналары олардың оқуға түсіп, армандарының орындалғандарын қалауда. Академияға оқуға түсу, полиция қызметкері болу талапкерлердің болашақтағы арманы екен. Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық оқу орны болып табылатын Академияға қабылдау ережелерімен, ондағы оқытудың мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік бюджет есебінен күндізгі оқыту формасы бойынша жүзеге асырылып, түлектерге «полиция лейтенанты» арнайы атағы

мен «бакалавр» академиялық дәрежесі берілетіндігі туралы ақпаратты тұрғылықты жері бойынша аумақтық құқық қорғау органы қызметкерлерінің жыл сайынғы кәсіптік бейімдеу жұмыстарын жүргізу кезінде толығырақ танысқан.



Талапкерлер тіркеуден өткеннен кейін, денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығын анықтау мақсатында маман дәрігерлердің қатысуымен медициналық куәландырудан және дене шынықтыру дайындығынан дене бітімі көрсеткіштері бойынша іріктеуден өтті. Аталған шаралардың басталар алдында, Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов талапкерлерге осы іріктеу іс-шараларынан жақсы өтіп, білім ордасының тыңдаушысы болуларына сәттілік тіледі. Жыл сайын білім алуға келген талапкерлердің ішінде спорт шеберлері атағын иеленген балалар да баршылық.

Осындай талапкерлер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі N 186 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау ережесіне» сәйкес «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері» спорттық біліктілігі бар және ІМ жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына оны растайтын құжаттар ұсынған талапкерлер дене бітімі бойынша іріктеуден босатылады.



Былтырғы жылдармен салыстырғанда биылғы жылдың талапкерлері спорттық жаттығу түрлеріне жақсы дайындалып келгендері көрініп-ақ тұр.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егеменді елімізге аянбай қызмет ететін, ой өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет» деп айтқан болатын, яғни бүгінгі болашақ ұрпақтың білім жолын шыңдауына, кәсіби шеберліктерімен өнегелі, үлгілі, еңбексүйгіш азамат болып өсуіне жан-жақты жағдай жасалып жатыр.

Біз, талапкерлерге іріктеулерден жақсы өтіп, болашақта полиция қызметкері болуына сенімдіміз!

О.Уақпаева
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев
атындағы Қостанай академиясы
Баспасөз қызметінің
баспасөз хатшысы